

DOI: 10.36719/AEM/2007-2019/49/53-55

Тоты Иманқызы Көшенова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
timankyzy@mail.ru

3. АХМЕТОВ ЖӘНЕ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Түйінді сөздер: ұлттық әдебиет, зерттеу, әдеби мұра, шығармашылық

Key words: national literature, research, literary heritage, creativity

Ключевые слова: национальная литература, исследования, литературное наследие, творчество

Аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, академик З.Ахметовтің артында қалған ғылыми мұраларын бірнеше бағыттарға бөліп қарастыруға болады. Мақаламызды ғалымның зерттеулеріндегі Дулат Бабатайұлы шығармашылығына арнағандықтан осы бағытта жазған ғылыми еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік. Ғалымның қазақ әдебиеті тарихындағы қайталанбас тұлға Дулат Бабатайұлы шығармашылығына арнап жазған еңбектерінің орны өзгеше. Ғалымның еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ әдебиеті тарихына жаңаша көзбен қарап, әдеби үрдіс пен оның көрнекті өкілдері жайлы тың пайымдаулар мен түбегейлі теориялық тұғырнама жасап, методологиялық жаңа бағдар алуына себеп болуын арнайы атап өткен жөн. Қазақстанның рухани мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан ғалымның осы орайдағы жаңа ойлары, тың ғылыми тұжырымдары жас зерттеушілерге жаңа бағдар сілтегені де сөзсіз.

Кеңестік дәуірде әркілі деңгейде бағаланып, ұлттық әдебиетіміздегі орны әділдікпен анықталмай келген Дулат Бабатайұлының шығармашылығы әр кезде әдебиетші-зерттеушілердің назарынан сырт қалмағаны белгілі. Оған 1991 жылы Құлмат Өмірәлиевтің құрастыруымен және алғы сөзімен «Замана сазы» деген атпен ақынның өлеңдер мен дастандар жинағы жарық көрсе, ал тәуелсіздік тұсында филология ғылымының кандидаты Қ.Раевтың құрастыруымен 2001 жылы «Өсиетнама» деген тақырыппен Дулат Бабатайұлының шығармашылығы толық жинақталып, «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Ақынның 200 жылдық мерейтойы қарсаңында академиктер З.Ахметов пен С.Қасқабасовтың жетекшілігімен Дулат Бабатайұлының «Тұнық тұма» атты екі кітаптан тұратын бір томдық басылымы жарық көрді. Ғалым Қ.Өмірәлиев ақынның жинағына жазған алғысөзінде былай дейді: «...Анық шындық сол: өліп қалғандардың өлмейтіндігі, олардың өлмейтін еңбек етуінен гөрі өткенін өлтірмейтін заманға ие ұрпақтың болуына байланысты өткеннің жақсысын – халықтың шын игілігін қадірлей білетін, терістемейтін заманға ие ұрпақтың болуына байланысты» [1, 5]. Осы пікір бүгінде жүзеге асып, ақын өлгенмен, ақын шығармашылығы ғылымда арнайы зерттеу объектіге айналды. Мәселен, Қ.Раев ақын шығармаларының поэтикасын зерттесе, М.Бекбосынов Абай мен Дулат шығармашылықтарының өзара байланыстыра қарастырады.

Негізі, кез-келген өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, әдебиетімен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен танылатынын ескерсек, Зәки Ахметов сынды сирек кездесетін зерделі зерттеушінің халқымыздың ұлттық құндылықтарын танытудағы еңбегі ересен екендігі сөзсіз. 2002 жылдың 19 шілдесінде «Қазақ әдебиеті» газетінде Дулат Бабатайұлының 200 жылдық мерейтойына орай З.Ахметовтің «Дулат туралы (Елдіктің жыршысы, еркіндіктің жоқшысы)» [2] атты ғылыми мақаласы жарық көрді. Осы зерттеуі арқылы әдебиеттанудың тәуелсіздік кезеңінде ғана шығармалары жүйеленіп, жарияланып, зерттеле бастаған қазақ әдебиетіндегі дулаттану саласына да өзіндік үлесін қосқан З.Ахметов Дулат Бабатайұлының қазақ поэзиясына өзіндік өрнек, түрлік нақыштар әкелуімен қатар оның толғауларында қатты байқалатын құнды ойлар, парасатты пікірлер, ұлттық сананы оятар тағылымдық сипаттарға жаңаша сараптама жасайды. «...Түгелдей алғанда қазақтан шыққан ел билеушілердің билігі шектеліп, Ақ патшаның үстемдігі әбден күшейді. Ел жақсы қонысынан, жайлауынан айрылып, ығыстырылды. Дулат, міне, осы бір жаңа тарихи кезеңнің жыршысы, елдің еркіндігін шектеген отаршылдықтың сыншысы, елдіктің қолдан шығып бара жатқан еркіндіктің жоқшысы, жаршысы болды. Дулаттың **ұлылығы** да осында еді. Сонымен қатар өз дәуірінің перзенті, өз заманының жыршысы болған ұлы ақынды толық танып, бағалаудың қиындығы да осыған байланысты болды.

Дулаттың тарихтағы, қазақ әдебиетіндегі орны, оның әдеби мұрасының маңызы, қоғамдық мәні үнемі дерлік идеологиялық тұрғыдан сынаржақ бағаланып келді» [2, 175].

Ғалым айтқандай, XIX ғасырдың басында 1802 жылы дүниеге келген Дулат Бабатайұлы 1824 жылдан бастап патша үкіметінің сахарадағы ел билеу жүйесін - хан билігін ресми түрде жойып, қазақ

жерін округтарға бөліп басқаратын аға сұлтанның билеу тәртібін енгізген шақта өмір сүрді. Қазақтың иелігіндегі шұрайлы жерлер орыс шонжарларына, ел билігі бөтен жұртқа беріліп жатқанда, елдің сөзінен де, ісінен де берекенің кеткенін көріп, ақын :

«...Шенділердің қылығы,
Елге істеген былығы,
Парақор би мен ұлығы
Ұйықтасам, кіріп түсіме,
Өнімде қуат, күшіме,
Есерлердің ісіне
Азғын елдің ішінде
Дулат сынды сорлыда

Ұйқы, тыныштық бола ма [1, 102-103]» - деп налиды.

Осындай іс-әрекеттерді көрген ақынның жаны шырқырап. шындық іздеді, елінің еркіндігін аңсады.

М.Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде: «Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады.

Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. ... Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, һәм Нарманбеттерді алу керек [3, 227, 228]», - деп, төрт ақынды атап көрсетсе, академик З.Ахметов Абайдың ақындық дарынының қуаттылығын айта келіп: «...Алдында бірнеше ғасыр бойы кеңінен қанат жайып өркендеген жырау, жыршы ақындар поэзиясы болмаса, тамыры тереңде жатқан халық ауыз әдебиеті болмаса, Абай поэзиясы шырқау биікке көтеріле алмаған болар еді» [4, 40] – деп, мұнда Дулаттың да өзіндік үлесінің барын өз еңбегінде айтып өткен. Өйткені Абай өлеңдерінің Дулат шығармашылығымен үндес жақтары мол. Кейде қолданылған өлең өрнектері мен сөз айшықтарының бірдейлігі бұған дәлел бола алады.

Зәки Ахметов Дулаттың ақындық дарынын, шешендік шеберлігін жоғары бағалай отырып, оның Махамбет, Абай сынды ақындардың шығармашылықтарына еткен әсерін, олардың арасындағы дәстүр жалғастығына да жан-жақты тоқталып, мынадай ой түйеді: «Сан-салалы бұлақтар, өзендер келіп бір жерге құйылмаса, Абай поэзиясы секілді үлкен теңіз де пайда бола алмайтыны анық» [4, 44].

Сондай-ақ, зерттеуші Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің басты бағыт-бағдарын таныта алады деп Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбетті бөліп алып қарастырады. Сонымен қатар Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңіндегі

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі - жамау, бірі - құрау.
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау» - деген өлең жолдарының бұл күнге дейін сыңаржақ түсіндіріліп келгенін зерттеуші ғылыми негізде дәлелдеп береді. «Бұқар, Дулат, Шортанбайды бай-феодалдардың санашылы болған кертартпа ақындар ден қараған біржақты, жаңсақ көзқарас орын алған жылдарда Абайдың өзі атаған ақындарға идеологиялық тұрғыдан баға берген деп санауға ешқандай негіз жоқ. Ендеше, Абайдың сыны оларға поэзияда қолданылған әдіс-тәсілдерге, нақтылап айтсақ, өлең-жырларда бұрыннан қалыптасқан нақыл сөздерді, дайын сөз үлгілерін жиі қолданушылыққа қатысты болса керек. Жамау, құрақ деп отырғаны осы мағынада айтылған деп түсіну қисынды. Сондықтан Абайдың өзін осы ақындарға мүлде қарама-қарсы қойып бағалауда да ешқандай негіз жоқ. Абайдың анау-мынау ақындармен өнер өлшеспейтіні айқын емес пе? Осы ақындарды көпшілік таныған, жақсы білетін болған соң айтып отыр ғой. Шортанбай мен Дулат өмір сүрген заманы жағынан Абайға жақынырақ тұр десек, Бұқар басқа заманның өкілі ғой. Өзінің маңайындағы жүздеген ақындарды ауызға алмай, әлдеқайда алыс тұрған Бұқар, Дулат, Шортанбайды таңдауы тегін емес. Олардың есімін, сөздерін көпшілік білетіндіктен, және таласуға, сын айтуға толымды деп санағаны анық емес пе? Олардың өнерін мойындамаса несіне таласады?» [4, 45].

Міне, осы ойлардан соң Абай сынаған ақындардың шығармашылығына деген көзқарас та, түсінік те өзгерді. Мәселен, осы орайда филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісімақованың «Бұдан бұрынғы зерттеулерімізде айтылғандай, әдебиетші Абай осы орайда Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерінің мәнін емес, жанрды сынап тұр. Толғау жанрының авторға еркіндік бермейтінін

көздегендей. Ескі өлең шеңберінен шығып кеткен ақын Абай оның өзінің заманына тар екенін көздейді.

Әдебиетші-ақынның көңілі көркем сөздердің нағыз үйлесімін, мәтіннің мазмұнына сәйкестігін, түр мен мағына үндестігін алға тартады, сондықтан ол қатал сыншылдыққа бейім... Әдебиетші Абай өлеңдерінде өз замандасының ішкі әлемін, онын сезімдерін бейнелеуді ұсынады, сондықтан ол үшін толғаулар «бірі - жамау, бірі - құрау». Кеңес кезінде осы төрт жолды Абай Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерін біржақты түсініп, жоққа шығарушы деп насихаттаған кез болған» деген пікірі соның айғағы [5].

«Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз - әлгі ақындық, көркем ой-сезімді жеткізудің негізгі құралы», - деген көркемдік талаптың Дулат шығармашылықтарына кеңінен орын алғандығына ерекше назар аударады [6, 7]. Дулаттың ұлттық сөз өнеріне әкелген өлеңдік құрылымдарынан гөрі оларды құндыландырып тұрған терең ой, көркем сөзге кенелген көркемдік әлем, зерттеушінің теориялық талдауларына тірек болған. Дулат туындыларының төрінен орын алған өлең тілінің өзіндік өрнегі, баяндау мен бейнелеудің суреттілігі, образдылығы, мазмұн мен пішіпнің бірлігі, көркемдік тұтастық тұрғысынан талданады.

Дулат жырларының көркемдік құдіреті мен мазмұн байлығын жан-жақты зерделеген ғалым ақынның ұлт әдебиетіндегі тарихи тұлғасын нақты мәтіндердегі шындық шеңберінен іздеп, табады.

Қорыта айтқанда, Зәки Ахметовтің дулаттану саласындағы ғылыми мақаласы қазақ әдебиеті тарихында өз құнын жоймайтын асыл мұраларымыздың озық үлгісі болып қала беретіні анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дулат. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар. /Құраст., баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев. А., 1991
2. Ахметов З. Асыл сөз арнасы. А., 2008.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., 1995.
5. Ісімақова А. /Қазақ әдебиеттануының бастау көздері/ мақала
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., 1973.

Zaki Ahmetov and Dulat Babatayevich creativity

Summary

Studying the literary heritage of academician Z. Akhmetov and the famous poet of the 19th century Dulat Babatayevich praised the poet's talent and mastery of Dulat's influence on the work of poets such as Makhambet and Abay, to give a comprehensive and scientific analysis and evaluate the place of Kazakh literature.

Заки Ахметов и творчество Дулат Бабатайұлы

Резюме

Изучение литературного наследия академика З. Ахметова и известного поэта XIX века Дулата Бабатайұлы высоко оценило талант поэта и мастерство влияния Дулата на творчество таких поэтов, как Махамбет и Абай, дать всесторонний и научный анализ и оценить место казахской литературы.